

Сыр бойы



29

ШІЛДЕ
СЕЙСЕНБІ2014 жыл
№109 (18803)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.syrboyi.kz



Қазақстан 2050

САПАР

СОЛТҮСТІК АУДАНДАРДАҒЫ СЕНІМДІ ҚАДАМ

Жексенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жұмыс сапарымен Арал, Қазалы және Қармақшы аудандарында болып, бірқатар өндірістік және әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты. Актив жиынында Арал ауданының әкімі А.Мұхимов ауданның 2015-2017 жылдарға арналған кешенді жоспарын баяндады. Ал, Қазалы ауданында болған облыс әкімі осындағы «РЗА» АҚ бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты. Аймақ басшысы сапарын қайта жаңғыртудан өткізіліп жатқан «Қорқыт ата» ескерткіш кешенінде қорытындылады.

Арал қаласындағы 300 орындық мектептің ашылуына қатысқан Қ.Көшербаев жиылған қауымға игі тілегін арнады. “Бүгін Аралда ерекше күн. Өйткені, құрылыс бірнеше жылдан бері тоқтап қалған білім ордасы балаларға есігін айқара ашқалы отыр. Осында балаларымыз жақсы білім алып, бір әулеттің ғана емес, еліміздің мақтанышы болсын!” – деп біліктілік пен білімнің заманы туганын еске салып өтті.

Айта кетейік, мектептің іргетасы осыдан 3 жылдай бұрын, нақтырақ айтсақ, 2011 жылдың соңында қаланған. Кейін нысанның бірінші

мердігерімен арадағы келісім-шарттар күшін жойып, құрылыс жұмыстарын жалғастыру мердігер деп танылған «Өмірзақ» ЖШС-на тапсырылды. Аймақ басшысы нысанды дер кезінде бітірген құрылыс компаниясының басшысына алғысын білдірді. Компания директоры М.Налкожаев №64 мектептің директоры Аманкелді Бөлекбаевқа символикалық кілтті табыс етті.

Ал, аудан активімен және тұрғындармен өткен кездесуде аудан әкімі Абзал Мұхимов аймақ басшысын Арал ауданының 2015-2017 жылдарға арналған кешенді даму жоспа-

рымен таныстырып, аудан тұрғындарының әлеуетін көтеретін маңызды деген жобаларға қаражат бөлуге ықпал етуін сұрады. Аудан басшысы САРАТС-2 жобасына қаржы бөлуге ықпал еткені үшін және алдағы уақытта Арал қаласында салынатын кремний және кіші шыны зауытының құрылысын өңірге әкелгені үшін облыс әкіміне алғысын білдірді. Сондай-ақ, осы кездесуде халық жазушысы Ә.Нұрпейісовтің 90 жылдық мерейтойын атап өтудің жайы да сөз болды.

Мұнан соң облыс әкімі Қамыстыбас ауылдық округіне қарасты Камбаш көлі жағасында салынып жатқан 100 орындық пансионаттың құрылыс жұмыстарымен танысты. Бытыртғы жаз айынан бері нысан құрылысын жүргізіп жатқан «Мұнай Құрылыс Сервис» компаниясының басшылығы пансионатты алдымыздағы күзде пайдалануға беретінін жеткізді.

Қазалы ауданында болған облыс басшысы Қырымбек Көшербаев алдымен «РЗА» АҚ жұмысына ден қойып, 660 басқа арналған тауарлы-сүт бағытындағы ірі қара өсіру кешенінің тыныс-тіршілігімен танысты. Осындағы тәулігіне 30 тонна сүт өнімдерін өңдейтін сүт зауытының жұмысын көрді. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Дәуірбек Әбуов стөнд арқылы аймағымыздағы асыл тұқымды мал шаруашылығының дамуы мен сүт өндірудің болашағы туралы тарқатып айтты.

Нақты кезеңде облыста мүйізді ірі қара ұстайтын 91 шаруашылықта 248 мың 900 бас ірі қара бар. Оның 1,8 пайызы, яғни 4400-і асыл тұқымды мал. 2700-і сүт бағытындағы мүйізді ірі қара. Осы сүт бағытындағы малдың 1639 басын аталған шаруашылық күтімге алып отыр. Бұл өңірдегі барлық сүт бағытындағы мүйізді ірі қараның 60 пайызы



ка бойынша 2280 келіні құрайды екен. Ал, жергілікті компанияның көрсеткіші бұл деңгейден 3 есе жоғары. Д.Әбуовтің айтуынша, «Ырыс» мемлекеттік бағдарламасы аясында жанадан тауарлы сүт фермасын құру қолға алынғалы отыр. Бұл арқылы осындағы сүт зауытының өнімділігін арттыруға болады. Басқарма басшысы жаңа бағдарлама арқылы сүт бағытындағы 200 бас асыл тұқымды мал ұстайтын 10 шаруашылық құру жоспарлан отырғанын алға тартты. Ол үшін Арал мен Қармақшы ауданында 6, ал Қазалы ауданында 4 шаруашылық, бұған қоса, 18 сүт қабылдау пунктін ашылып, сүт осы зауытқа жөнелтілуі тиіс. Сол кезде зауыт қуаттылығына шығалды, әрі 108 жаңа жұмыс орны ашылады.

2-бет

ӘЛЕУЕТІ МОЛ АКВАПАРК көпшіліктің көзайымына айналады

Жібек жолы даңғылының бойында түрлі-түсті көріністерімен айықталған құрылыс нысаны көпшіліктің назарын еріксіз өзіне аудартады. Бұл – қалалық жағажайға қарсы бетте бой көтеріп жатқан спорттық ойын-сауық кешені. Мұндағы құрылыс күн сайын қарқын алып, нысанның кескін-келбеті уақыт өткен сайын құлпыра түсеуде. Жаксыны көрмек үшін дегендей, әрі құрылыс барысымен таныспақ ниетте оған ат басын бұрған едік. Бізді нысанды салып жатқан бас мердігер “Мелиоратор” ЖШС-ның осы құрылыстағы бөлімше басстығы Нұрлан Динаев қарсы алды.

Ол ойын-сауық кешені құрылысымен таныстыра жүріп, оған қандай қызмет түрлері кіретінін айтып өтті. Мұнда демалушыларға аквапарк, аттракционды саябақ, клуб-мейрамхана, балалардың ойын алаңдары, фитнес клубы мен жаттығу залы, СПА орталығы (сұлулық салоны), картинг жолдары, жедел тамақтану дәмханалары, түрік моншасы, ана мен бала бөлмесі, сауда орталығы секілді басқа да орындар өз қызметтерін ұсынатын болады. Қысқасы, қала тұрғындары мен қонақтарының барлық жастағы өкілдеріне демалуға толыққанды жағдай қарастырылған. Тіпті

онда мүгедектердің арбасымен емін-еркін қозғалуына да жағдай жасалған. Аквапарктің су аттракциондары тек балаларды ғана емес, үлкендерді де қызықтырып тартатын орта болмақ. Мұндай аттракциондар ғимарат ішінде де, сыртында да бар. Олардың кейбіреулерінің биіктігі он метрден астам. Бұл үш қабатты үйдің биіктігімен бірдей. Мұндай биіктіктен сырғанап келіп, бассейнге құм ете калудың әсері қандай десеңізші! Оны сөзбен айтып жеткізудің өзі қиын. Жалпы, ойын-сауық орталығында бассейндерге молынан орын берілген. Бассейндердің жалпы саны он бол-

са, оның төртеуі ғимарат ішінде, қалғандары ашық аспан астында. Даладағы су аттракциондары тек жаз мезгілінде ғана жұмыс істейтін болса, ғимарат ішіндегілері жыл бойы жұмыс істеуге арналған. Демек, спорттық ойын-сауық кешені толық іске қосылғаннан кейін барлық маусымда да келушілерге есік ашық болады деген сөз.

Нысанның жобасын жасаған алматылық белгілі фирма – “Компания КБК project” ЖШС. Жобалаушылар демалыс аймағы орналасқан орнының ерекшеліктері барлығын ескерген екен. Ойын-сауық кешені Сырдария өзенінің бұрынығы арнасы жағалауындағы жартыаралға орналасқан. Алып жатқан аумағы бес гектардан астам. Оны үш жағынан су қоршап жатыр. Барлық коммуникациялардан алыс жатса да келетін жолдарды жақсы ойластырып қойыпты. Оған үш бағыттан келуге болады. Оның екеуі автокөлік жолдары болса, біреуі жаяу жүргіншілер жолы. Автокөліктер үшін үлкен автотұрақ болады. Ал коммуникацияның басқа түрлері бой-

ынша барынша автономдылық жағдай жасалынған. Бұл жерде өзінің электр қосалқы станциясы мен газбен жылытатын орталығы болса, Аквапарктегі бассейндерге, монша мен душқа жер астынан алынатын және қалалық су жүйесінен келетін су жіберіледі. Бұл су мұнда жіберілмес бұрын арнайы сүзгілерден өткізіледі. Сонымен қатар, барлық бассейндердегі су үнемі айналыста болады және сүзгілерден өткізіліп тұрады. Мұның бәрі демалушылардың денсаулығын ойлағандықтан жасалған. Ал, кешендегі ғимараттар өз кезегінде мәрмәр тастармен, металмен, шынымен, ағашпен қапталып, ерекше сән бермекші.

Жалпы, мұндай нысан Қызылорда қаласында алғаш бой көтеруде. Учаске бастығы бұл “Мелиоратор” ЖШС директоры Бердібек Мыхановтың қызылордалықтар демалатын осындай демалыс орнын салып берсем деген идеясынан туындаған құрылыс екенін жеткізді. Бұл қатардағы құрылыстардың бірі емес, өзіндік күрделілігімен ерекшеленеді. Ал “Мелиора-

тор” ЖШС-на осындай көпсалалы құрылысты атқаруға өзінің мықты базасы көмекке келуде. Кәсіпорынның өз кірпіш зауыты және темір-бетон өндірісі, сондай-ақ металл конструкцияларын жинайтын цехы жұмыс істейді. Құрылысқа қажетті бетон өзінің бетон зауытынан жеткізіледі. Бетон құю жұмыстарында өте үлкен дәлдікпен жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін итальяндық құрсаулар пайдаланылады. Серіктестік мамандары да талай күрделі нысандар құрылысын жүргізген мол тәжірибесі бар майталман шеберлер екенін айта кеткен ләзім.

Өткен жылы басталған құрылыс жұмыстарының кәзіргі күні сексен пайыздайы атқарылған. Құрылыс басында бас мердігермен қатар мердігер мекемелер жұмысшылары да тынбай жұмыс жүргізуде. Келесі жылы толық пайдалануға берілетін ойын-сауық орталығының кейбір бөліктерін биылғы жылы іске қоса беру межесі бар. Атап айтқанда, алдағы тамыз айында аквапарктің даладағы сырғанау аттракциондарын пайдалануға беру ойластырылып отырса, қыркүйек айында аквапарк пен мейрамхана келушілерге қызмет көрсете бастайды деп жоспарлануда.

Сонымен, “Арай” демалыс аймағы Қызылорда тұрғындары үшін отбасылық және достар арасындағы демалыс орны болатынына күмән жоқ. Кешен толық іске қосылып жұмыс істей бастағанда қала қонақтарының да көңілінен шығары сөзсіз. Соңғы уақытта “Қызылорда күн сайын құлпырып баралы” деген сөзді жиі еститін болдық. Біз сөз қылып отырған нысанның да осындай он пікірлерге үлес қосатыны анық. Олай болса, бәріміздің көз қуанышымызға айналатын нысанды салып жатқан құрылысшылар қауымына сәттілік тілей отырып, алда келе жатқан кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын дегіміз келеді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ
(сурет).

ОРАЗА АЙТЫ

АҚ ТІЛЕК АҚТАРЫЛҒАН КҮН

Кеше таңертеңгі сағат сегізде еліміздің өзге өңірлері сияқты облысымыздың барлық мешіттерінде Айт намазы оқылды. “Айт” сөзі арабшадан тілдік қолданысымызға енген “мереке” деген мағынаны білдіреді десек, ісі мұсылманға тән екі мереке бар. Соның бірі – Ораза айты болса, екіншісі – Құрбан айт. Атына зағы сай Ораза айты мың айдан қайырлы рамазан айының аяқталған алғашқы күнінде басталады.

“Ақмешіт-Сырдария” орталық мешітіндегі осынау имандылық шарасына арнайы келген аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев күллі жамағатты Ораза айт мейрамымен құттықтады.

– Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жұртшылықтың асыл дінімізге деген көзқарасы көңіл қуантады. Бұл бағыттағы сауапты істерге билік тарапынан әрқез тұрақты түрде қамқорлық жасала береді, – деген Қырымбек Елеуұлы жамағаттың мексат-мұраттарының орындалып, Ұлық мерекеде ниеттерінің қабыл болуын, отбастарында береке-бірлік орнауын тіледі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілі имамы, облыстың бас имамы Талғат Омаров өз кезегінде аймақ басшысына Рамазан айында жасалған қайырымдылық шараларына жамағат атынан шексіз ризашылығын жеткізді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ІРІЛЕНГЕН ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ІСІ ІЛГЕРІ БАСАДЫ

Жаңақорған ауданының егіншілері биылғы жылы барлығы 30766 гектар жерге түрлі дақылдарды өз мерзімінде орналастырып үлгерді. Оның ішінде Сыр өңірінің басты дақылы – күріштің көлемі 8019 гектарға жеткізілсе, күздік бидай 2380 гектарға орналастырылды. Мұнан өзге дәндік дақылдардан 600 гектарға таяу тары, 505 гектар дәндік жүгері және 39 гектар ғана жаздық бидай бар. Өкінішке орай соңғысы тіптен аз, айтуға да ыңғайсыз. Техникалық дақылдар да аздап қамтылған, мақсары – 404 гектар болса, құнбағыс – 25 гектар. Сондай-ақ, картоп – 433 гектар, 1660 гектар бақша, 653 гектар көкөніс дақылдары егілді.

Бұрын ауданда 12 шаруашылық бар еді. Жекешелендіру жылдарында олардың көбісі бірнешеге бөлініп, ұсақ құрылымдарға айналып кеткені белгілі. Өрине, әуелгі кезден-ақ олардың шаруасы шалқып, өз қалпына түсіп кете қойған жоқ. Қазіргі уақытта да көбісінің шекесі шылықп тұрмағанын түсінікті. Осының салдарынан олардың жағдайы біркелкі емес, ұсақ құрылымдарға қаржы мәселесі қолбайлау, техника дегеніміз де жоқтың қасы, егісті өздерінің шама-шарқына егеді. өздерінің ыңғайына келетін түрлі дақылдарды орналастырып, оны күтімге алып келеді. Дегенмен, олардың мемлекет тарапынан минералдық тынайтқыш, су және өзге де қажеттіліктерге берілетін субсидиясынан құралақан қалып жүргені жасырын емес. Өйткені, түрлі заңдылықтарға сәйкес субсидия етіс алабы көлемді іргелі шаруашылықтарға беріледі. Өкінішке орай, жергілікті ауыл шаруашылығы құрылымдарының басым бөлігі әзірге ондай талапқа сәйкес емес. Көбісі әуірімізмен күн көріп келеді.

Үстіміздегі жылы егінді молырақ еккендердің алдығы қатарында Ақкорған (7220 га), “Қожакеңт” (5363 га), Келінтөбе (4871 га), Қыркенсе (3453 га) ауылдық округтері бар. Ал бұрынғысындай Талап, Манап, Көсуіенкі, Қыраш, Байкөне, Шалқия елді мекендеріндегі барлық тұрғындар 3-40 гектар аралығында егін еккен. Сол сияқты олардан өзге 6 ауылдық

округте де 100-ден 300 гектарға дейінгі аралықта ғана егіншілік орналастырылады. Мұндағы басты себеп аяқ судың ташпалығы болса, сол ауыл адамдарының егіске деген керенаулығы мен ауыл әкімдерінің бұл саланы ұйымдастырудағы сылбыр жұмысының да айғағы болса керек.

– Агротехникамен әр шаруашылық өзіне ыңғайласа, сондықтан кейбірінде алақұлалық болуы заңды, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас агрономы Тұрған Базарбаев. – Дегенде, маман ретінде сарапал көргенімізде, басты дақылымыз – күріштің 75 пайызының шығымдылығы жақсы, 10 пайызы орта, ал 15 пайызы төмен. Жалпы жоспарланғанындай, өнім аулаға мүмкіншілік бар деп есептеміз.

Елдегі шаруа адамы еселі еңбектен аныс тіктеп, тіршілігін түзеп елуде қолы көреді. Бұл орайда әркімнің жеке-дара әрекет етіп, одан мардымсыз өнім жинайтындығы жасырын емес. Әсіресе, мұндай келенсіз көрініс күрші шаруашылығы саласында күрмеулі мәселелерді көлденеңдетіп келеді. Облыстың кейбір аудандарындағы ірге бөлмеген ірі құрылымдар табыс-тан тау тұрғызып, мол өнімге негіз қалап, қара жерден несібесін молынан теріп келеді. Ал ұсақ құрылымдар мұндай кіріс кіргізе алмайды. Сондықтан бұл тұрғыда ойланатын жайлар аз емес.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы

ҚАЗАҚСТАН АДАМ ДАМУЫ ИНДЕКСІНІҢ деңгейі жоғары елдер тобында

Қазақстан адам дамуы индексінің деңгейі жоғары елдер тобында, деп хабарлады Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің “Экономикалық зерттеулер институты” АҚ «Адамзаттың тұрақты өрлеуін қамтамасыз ету: әлсіздікті азайту және өмірге төзімділікті қалыптастыру» БҰҰ дамуы бағдарламасының адам дамуы туралы баяндамаға сілтеме жасап.

«2012-2013 жылдардың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы өткен жылдағыдай тұрақты 70-ші орында. Категориялар бойынша елдерді жіктеу бойынша Қазақстан АДИ деңгейі жоғары елдер тобына енеді», – делінген хабарламада.

АДИ рейтингіндегі Қазақстанның орнын БҰҰДБ сарапшылары өңірдегі АДИ өсімінің ең жоғары көрсеткіштерінің бірі деп бағалады – соңғы 10 жылда орта есеппен алғанда 0,84 пайыз, бұл Қазақстанның әлеуметтік саласындағы жүргізілетін саясаттың тиімділігін көрсетеді.

БҰҰ Даму бағдарламасы 2014 жылдың 24 шілдесінде 187 ел мен аумақты қамтыған 2013 жылдың қорытындысы бойынша Адам дамуы туралы жыл сайынғы зекесті баяндамасында Адам дамуының индексі нәтижесін жариялады.

Қазақстан Ресеймен, Белорусьпен, Украинамен бір топта. Орталық Азияның қалған елдері мынадай орындарда: Түркіменстан – 103, Өзбекстан – 116, Қырғызстан – 125, Тәжікстан – 133.

«2014 жылғы баяндама тақырыбы әлсіздікті азайту мен өмір сүру қабілеттілігін арттыру арқылы адамзаттың тұрақты прогресін қамтамасыз етуге арналған», – делінген хабарламада.

Рейтингтің көш басында әдеттегідей Норвегия, Австралия, Швейцария, Нидерланды және АҚШ.

Қорытынды рейтингте барлық мемлекеттер 4 санатқа бөлінеді: АДИ өте жоғары мемлекеттер, жоғары мемлекеттер, орташа мемлекеттер және төменгі деңгейдегі мемлекеттер.

2013 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV қолданыстағы заңына 3-тармағына және «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өңірлік басқару түрлері туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 23 қаңтарындағы №148 ЖЗН-мен 1-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 10-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес:

1. 2013 жылғы арналған облыстық бюджеттің аттарылуы жөнінен сепен 1, 2-бабының 3-қосымшадағы сәйкес мынадай қолданыс:

- 1) керістер – 146169502,5 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 2341950,2 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 1655646,9 мың теңге;
 - негізгі капиталдағы сұғалу түсімдер түсімдер – 16458,8 мың теңге;
- 2) трансферт түсімдер – 121077847,4 мың теңге;
- 2) шығындар – 148076595,9 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттер – 4785604,6 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 5536082,0 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 747512,6 мың теңге;
- 4) қаржы активтері мен қаржы пайдалануы бойынша сальдо – 1245920,0 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтері сатып алу – 1245920,0 мың теңге;
 - бюджет тапшылығы (профити) – 7941582,9 мың теңге;
 - 6) бюджет тапшылығын қаржылаудың (профитині пайдалану) – 7941582,9 мың теңге;
 - 7) қаржы түсім – 544103,0 мың теңге;

Қызылорда облыстық мәслихатының 28 сессиясының төрағасы
Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы

А.ОҒАРБАЕВ.
Б.ЕЛАМАНОВ.

(Жалгасы бар)

ӨМІРДАРИЯ

АНА ЖЫЛУЫНЫҢ ТАБЫ СУЫМАС

Жүрегі кең, көңілі ізгі көркем есім – ана!

Сүйенішке, тіреуішке айналған алтын дінгегімізге арқа сүйеп, кезінде әкеміздің қазасын да сезбепіз. Қандай жағдай болмасын біздің анамыз қайсар мінезімен ерекшеленетін. Бөйтеректей Алмас бауырымыз өмірден қыршын кеткенде абзал анамыздың жүрегі қанжылап тұрғанмен, көңіл айтқандарға қайраттылығын таныта білді. Жүрегінің отымен, зерделі зеректілігімен өзін-өзі тіктелді. Ақ пейілді ардағымыздың бізге деген аналық сезімі берік, көңілі тау суындай таза болатын. Артында ұрпақтары айта жүретін тұрашылдығы, адалдығы мен мейірімі қалды.

Әкем Қаржаубай мен анам Ырысалды бірлесіп көтерген шаңырағында жарты ғасырдай бірге өмір сүрді. Әкеміз қарапайым еңбек адамы еді. Еңбек жолын локоматив депосында пеш жағушы болып бастап, көп жыл тепловоз машинисі болды. Ұлы Отан соғысында ел басына түскен қиындықты ер жүгі деп көтерген, елу жыл коммунистік партияның қатарында қызмет еткен өте адал, принципшіл адам еді. Теміржолда бірыңғай орыстар жұмыс атқарғандықтан ол кісі орысша таза сөйлейтін, орыс жолдастары да көп болды. Бүгінде жарықтық әкеміздің «Правда», «Известия», «Гудок» атты газеттерін қызығып оқитыны көз алдымызға келеді. Рух байлығын биік қоятын, қазақ әуендерін құмарты тыңдайтын. Балаларымды оқытамын, жетілдіремін деген оймен айдалада бақша егіп те, кесек құйып та маңдай терін төкті.

Ақыл-парасаты ақ жарқын, ашық



мінезінен көрініп тұратын бауырымыз Алмас қырық жасында өмірден қыршын жарт. Алмас ініміздің орны біздің отбасы үшін мүлдем бөлек болатын. Ол өзін-өзі «Алмазбын» дейтін. Алмас пен анасының арасындағы ана мен баланың сүйіспеншілігі туралы жыр жазуға болады. Бұл екі адам бір-бірін қимай өтті өмірден. Алмас анасынан бақи дүниеге төрт жыл бұрын озды. Бұл қаза ана жүрегің қоса жұлып әкеткенді болды.

Әкеміз де, ініміз де, анамыз да тілге келмей аурухана ішінде бақи дүние сапарына аттанды. Осы жайт жанымызды қатты жаралайды.

«Тағдырдың жазғаны солай болса керек» деп, өзімізді өзіміз жұбатып, қалғанымыз шүкіршілік жасаймыз.

Бізді, перзенттерін осындай бір ойға берілген шақта жөргекке орағандай жұбата әлділейтін бір қасиеттің әлі күнге жоғалмағанын сеземіз. Ол – ешқашан суымайтын ана жылуы.

Рахима АХМЕТОВА.

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

БІР СЕКІРДІМ ҚҰТЫЛДЫМ...
ҮШ СЕКІРДІМ ТҰТЫЛДЫМ

Заң аясында өзгенің сеніміне қиянат жасау арқылы оның мүлкін не ақшасын алдап алып кету алаяқтық деп бағаласа керек. Өкінішке қарай, осы бір жаман қылмық әсіресе нарықтық қатынастағы меншіктік көзқарас өзгергелі белең алып кеткен секілді. Бұрынғыдай ортаныкі, көптікі деген ортақ ұғымнан арылғандар біреуден бірденені іліп кеткенді ерсі санамайтын болып бара жатқандай ма?! Қайта пендені жерге қарататын бұл әдеттерін пысықтық, іскерлік санайтындардың қатары артып келе ме деген қауіп бар көпшілікте.

Қазіргі адамдардың көпшілігінде, «жалақысы молдау жұмысқа түрсем, пайызы төмен несие алсам, жайлы жерден үй тисе, жер алсам» деген дәме жеткілікті. Оның арғы жағы шылқамайдың ортасында жүрсем деген капиталистік көзқарас екендігі де белгілі. Міне, осыны ішіне қулық сақтаған, бір бармағы бүгүлілер тімді пайдаланады екен. Көз алдына арман елестегендерді алғашқы лебізінен аңғаратын қулар қармақ тастағандай бірте-бірте өзіне тарта түседі. Ойындағысы орындалған соң, қарғаның аузындағы ірімшікті қағып алған түлкідей бұлан құйрыққа салады да, сонында «Манғат, аузына саңғыттың» керін келтіреді. Бір алаңдатырлығы, осындай әрекеттің көбі нәзік жанды әйелдер тарапынан жасалатындығына не дейсіз?!



Шиелі ауданының тұрғыны, жасы жиырма екідегі Ж. есімді бойжеткен банкіден 20 млн. қайтарымсыз несие алып беремін деп бес бірдей азаматшаны сан соқтырып кеткен ғой. Әрине, олардың әрқайсысынан қызметінің ақысы деп алдын ала 60 мыңнан 100 мың теңгеге дейін ақша алып отырған. Кейбірінен 300 мың теңгеден ала салуды да ұят санамапты. Несие алуға деген үмітті әр адамды алдау оқинасы әр жерде өткенімен, жалпы сарыны бірдей. Сөйтіп сотталушы Ж. бірнеше

рет бөтен мүлікті алдап, сенімге қиянат жасау арқылы ұрлап алып, Қазақстан Республикасының ҚК-нің 177-бабының 2-бөлігінің «б» тармағында қаралған алаяқтық қылмысын жасаған. Үлкенің соңы сыырқуыштанған соң алданғандар амал жоқ, сотқа шағымданады. Нәтижесінде алаяқтың жолы кесіліп, кеткен шығын кінәліден өндірілсе, алаяқ әйел Қазақстан Республикасының ҚК-нің 177-бабының 2-бөлігінің «б» тармағымен кінәлі деп танылды. Оның Шиелі аудандық сотының үкімімен 3 жыл мерзімге бас бостандығы шектелді.

Ал мына Т. есімді бойжеткеннің әрекеті тіптен жымымсық. Ол Шиелі кентінде жаңадан салынып жатқан №270 орта мектепке мұғалімдік және лаборанттық қызметтерге жұмысқа орналастырып бере алатындығын айтып, азаматтардың ақшаларын алдап алу жолында бірнеше тұрғынның аузын шығысқа қаратып кеткен. Осы мақсатын орындау жолында тағы бір әйелді сыбайлас ретінде қылмыстық келісімге тартқан жағдайы бар. «Лаборанттық жұмысқа 200 мың, мұғалімдік қызметке 300 мың теңге бересін» деген өзіндік ставкасын орындатып, он бірдей адамның сеніміне кірген де, алаяқтық жасаған. Бұл қылмыскер де құрықталды. Шиелі аудандық сот үкімімен алдап алған ақшалары одан өндірілетін болып, сотталушы Т. Қазақстан Республикасының ҚК-нің 177-бабының 2-бөлігінің «а», «б» тармақтарымен кінәлі деп танылып, 2 жыл мерзімге бас бостандығы шектелінді.

Аудандық сот төрағасы М.Ерімбетовтің баспасөз конференциясында келтірген статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2014 жылдың 1 жарты-жылдығында Шиелі аудандық сотына 60 қылмыстық іс түсіп, 2 қылмыстық іс өткен есептік мерзімнен қалдықта болған. Яғни, 2014 жылы сотқа түскен істердің саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 20 іске азайған. Осы жылдың 6 айында статистикалық мәліметтерге сәйкес, 21 азаматтық іс және 1 арыз өткен есептік мерзімнен қалдық болып түссе, осы жылдың 6 айында 3 іс және 596 арыз түсіп қалды.

Облыстық соттың бекіткен кестесіне сәйкес сотта ай сайын тұрақты түрде «Ашық есік» шарасы өткізілуде. Бұл шара жөнінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына және соттың сайтына тиісті ақпарат уақытылы беріліп отырылады.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

ҚҰТҚАРУШЫЛАР
АНОНИМДІ ТЕСТ ТАПСЫРДЫ

ҚР ТЖМ «Оңтүстік өңірлік аэромобильдік жедел-құтқару жасағы» мемлекеттік мекемесінің жеке құрамымен Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының мамандары Г.Алмұзаева, психолог П.Жұлыбаева шылым шегу мен алкогольді пайдалану, нашакорлыққа қарсы күресті күшейту мақсатында дәріс оқыды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының мамандары адам денсаулығына алкоголь ішімдіктері мен шылым шегудің зияны туралы сұрақтарды кенінен қарастырды. Тақырыпты лекциямен бірге алкогольизм, нашакорлықтың зияны жөнінде бейнероликтер аша түсті.

Дәріс соңында жасақ қызметкерлері ақпараттық-танымдық материалдармен танысып, анонимді түрде тест тапсырды.

Айгүл НУРМАНОВА.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

на сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білугі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білмдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) Нысанға сәйкес өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;

3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізбегінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) Құжаттарды тапсыру есінде шекті мәнінен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар білімне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабда орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық пошта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурса қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешкірлімлей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй, мекен-жайы бойынша қабылданады. Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына

және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, (Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол береді.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешкірлімді персоналды басқару қызметіне (қадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (қадр қызметіне) жеке басы куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағдалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымын функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылау бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-Р-1 санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік қорғалатын қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурса қатысушының әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
ТҰРҒЫНДАРЫ НАЗАРЫНА!

Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы азаматтарды келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдаудың жаңа кезеңі басталғаны жөнінде жария етеді.

Әскери қызметтің артықшылығы:

1. Жоғары еңбекақыға кепілдік және оның уақытылы төленуі. Алғашқы 60000 теңгеден (әскери атағына, лауазымына, сипатына, т.б. байланысты). Еңбекақының өсуі әскери қызметшінің лауазымына және еңбек сіңірген жылдарына байланысты.

2. Еңбекақының 20 пайызы мемлекет есебінен зейнетақы қорына тұрақты аударылады.

3. Мемлекет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Тұрғын үй қорында қызметтік үй болмаған жағдайда тұрғын үйді жалға алу өтемақысы төленеді (көлемі отбасы мүшелерінің санына және қызмет орнына байланысты).

4. Келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер және олардың отбасы мүшелерін әскери медициналық мекемелерде медициналық қамтамасыз ету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

5. Мемлекет есебінен белгіленген нормаларға сәйкес зәттай мүлікпен (киім үлгісі) қамтамасыз етіледі.

6. Кезекшілікті атқарған кезде, дадалық шығуларда, ұшуларды дайындау және орындау кезінде, әшпелондарға ілесіп жүру кезінде, стационарлық емделуде болған кезде, т.б. белгіленген нормалар бойынша тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

7. Жыл сайынғы негізгі демалыстары. Демалыстың ұзақтығы еңбек сіңірген жылдарына байланысты белгіленеді. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдаудың шарттары:

Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамдарға қойылатын талаптар:

Қазақстан Республикасы азаматтығына не болуға; он тоғыз жасқан кіші емес және отыз бес жасқан жоғары болмауға;

әскери лауазымына сәйкес әскери есептік – мамандығы болуға;

мерзімді әскери қызметті өткерген не жоғары оқу орындарының әскери кафедрасынан оқудан өткен, Қорғаныс министрлігінің әскери оқытылған резервті даярлау жөніндегі мамандандырылған ұйымдарында әскери даярлықтан өткен болуға тиіс.

19-дан 35 жасқа дейінгі азаматтар, яғни запастағы офицерлер, сержанттар (шартирна) және сарбаздар (матросам), өзін әскери қызмет өміріне арнауға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің ғимаратында орналасқан азаматтарды келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау пунктіне: М.Шоқай 134 үй, 106-кабинетке, тел.: 24-49-36 хабарласуларыңызға болады.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасында өтеулі негізде атауш (стрелок) мамандығы бойынша мерзімді әскери қызмет өткермеген азаматтарды даярлау төмендегі талаптар бойынша жүргізіледі:

1. Денсаулық жағдайы бойынша жарамды;

2. Жасы 22-27 жас аралығы бойынша әскерге шақырылушылар;

3. Қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған;

4. Білімі жоғары, арнаулы-орта, орта;

5. Оқу өтеулі негізде 263 318 теңге төлейді (банкнің қызмет көрсету құнын есептемеген).

Оқу мерзімі бір ай 10 күн, оқу аяқталғаннан кейін әрбір азаматқа әскери мамандық алғаны жөнінде сертификат беріледі. Және сол сертификат әскери билетті беру үшін негіздеме болып табылады.

Ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің ғимаратында орналасқан. Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасының азаматтарды келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау бөлімшесіне, М.Шоқай 134 үй, 24-49-36 телефоны арқылы хабарласуларыңызға болады.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

рухани және апарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
бармамен және саясат - 70-00-52
есепшілік - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламыз тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделген және қайтарылмайды.

Жариялануға негізгі тұлғалық қызығарыс білдірмей, "Сыр" газетіне қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазақпост" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 23899

Тапсырыс № 669

Электронды оқылым 21000.